

"Аудан көлемінде кәсіпкерлік қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны туралы" Түлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы 17/8-04 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 48/4-04 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 9 қаңтарда N 14-14-164 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 11/6-05 Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 11/6-05 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына, 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына және 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. "Аудан көлемінде кәсіпкерлік қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондардың құны туралы" Түлкібас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 17/8-04 шешіміне (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-14-75 нөмірмен тіркелген, 2009 жылғы 30 сәуірдегі «Шамшырақ» газетінің 35-36 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауындағы, осы шешімнің бірінші тармағындағы және оның қосымшасындағы «тұлғалар» деген сөз «Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы А.Нұранов

Аудандық мәслихаттың хатшысы С.Қалдықөзов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК